

тельное пространство – это не неизменная, а наоборот, подвижная система, постоянно подвергающаяся изменениям вслед за обновлением макросреды и всего мира. Образовательное пространство учебного заведения напрямую взаимодействует с субъектами учебно-воспитательного процесса, и оказывает непосредственное влияние на личность каждого воспитанника. Работники основных и дополнительных образовательных учреждений должны учитывать различные обстоятельства непрерывно меняющейся социокультурной среды, адекватно и оперативно реагировать на всевозможные нововведения, позитивные и негативные проявления современного человеческого общества.

#### **Литература:**

1. Лаврина Н.Н. Аналитика социокультурной ситуации (структура и проблемы проектирования). // «Аналитика культурологии» № 2 (17), 2010 г.
2. Шалаев И.К., Веряев А.Л. От образовательных сред к образовательному пространству: понятие, формирование, свойства // Педагог. – 1998. – С.23-27.
3. Выготский Л.С. Педагогическая психология / Под ред. В.В.Давыдова. – М.: Педагогика, 1991. – 480 с.

#### *Summary*

*In the article are examined the basic features of sociocultural educational space as a factor of development of personality; terms and advantages of the correctly organized educational space in the system of basic, special and additional education; advantages and disadvantages of global informatization in education of young generation.*

## **ӘДЕБИЕТ ПӘНІ – РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ**

**Сейсембай Т.Т., Сейсембай Г.А.**

*Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Үрпақ тәрбиесінде ата-ана тәрбиесінен кейінгі маңызды мәселе – ұстаз ұлағаты. Оның жеткіншектің тұлға болып қалыптасуындағы маңызы ерекше. Халқымыз қашанда ұстаздың бала тәрбиесіндегі рөліне ерекше мән беріп, оның осы орайда атқаратын қызметін жоғары бағалаған. Бұған халықтың «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла» деген мақалдары дәлел бола алады. Ал әдебиет сабағының және осы пәнді жүргізетін ұстаздың бұл түрғыдағы маңызының тіпті ерекше екендігін атап өткім келеді. Бұл жалпы әдебиет пәнінің өзіндік ерекшелігінен, мақсат-міндестінен де келіп туындастырылған мәселе.

Әдебиет пәнін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен та-ныстыру, халық даналығы, өситет сөздерінен нәр алғызу, кітапқа, әдеби туындыға деген сүйіспеншіліктерін ояту, халқымыздың рухани байлығы – әдебиеттін игерту, сол арқылы жоғарыда айтып кеткеніміздей барлық ізгі қасиеттерге тәрбиелеу. Сонымен қатар, әдебиет пәні – «жан-жақты ойлантудың», терең толғаныстың пәні. Әдебиетті жалаң, қатып қалған қағидалармен оқыту мүмкін емес нәрсе. Ол мұғалімнен де, оқушыдан да өзіндік ойлауды, терең ту-сінікті, кейде тіпті суреткерге тән шабытты да, киял мен арманды да, тіл байлығы мен ше-шендік ділмарлықты да қажет етеді.

Әдебиет – әсемдік пен сұлулықты, адамгершілік пен ізгілікті, биік азаматтық мұрат-мақсат пен ұлттық құндылықты танытатын күрделі пән. Әдебиет ғылымын ұлағатты адамдар «адамтану» ғылымы деген, олай болса әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы». Әдебиет арқылы жас үрпақ алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз маржа-ны ашылып, солар арқылы халық арманы, киялы, болашақтан күтер үміті, ертенгі қунге деген сенімі көрінеді.

«Әдебиет – сөз өнері. Ертеде жасаған даналар «Адам бойындағы құллі қасиет – қүннің нұры мен ананың сүтінен...» деген екен. Олай болатын болса, әдебиет – сол қүннің нұры мен ананың сүті туралы пән. Әдебиет сабағынан, оны оку мен оқытудан, адамды әдебиет арқылы қүннің нұрындағы тазартып, ананың сүтіндей ағартудан артық ардақты іс жоқ.

Әдебиет – бала бойына күллі жақсы адамдың қасиеттерді жиып, сұлулықты, әсемдікті бағалай алу мен ерекше талғамының қалыптасуына әсер етуші негізгі күш. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, ана тілін сүюден туған елін, бүкіл адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді» – дейді әдебиетші – ұстаз Қ.Бітібаев [1].

Әдебиет сабағы жалаң, жадағай білім беруді көтермейді, өз ісіне сүйіспеншілікпен қарайтын шын шебер әдебиетші әрбір сабағын терең біліммен қоса тағылымды тәрбие беруге жұмсайтыны анық.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мектепте, жоғары оқу орнында болсын ұлттық тәрбие берудегі рөлінің басым, мүмкіншілігінің мол екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Фасырдан ғасырға өзінің тәлімгерлік асыл мұратын арқалаған, халықтың жүріп өткен жолынан, тағдырынан сыр шертетін, терең ой мен адамдың қасиеттердің үлгісіндегі әдеби мұрамызды тәрбиеге ұлттық сипат беруде, жастардың ұлт мұддесі үшін қызмет етуін жүзеге асыруда, «тілегі елмен ортақ» ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеп шығаруда ең тиімді құрал ретінде қолданып жүрміз. Әр халықтың өзіне ғана тән дәстүрі, әдет-ғұрпы болады. Ол да ұлттық қасиеттің көрінісі. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деп білетін қазақ халқының ізгілікке, адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, мейірімділікке жетелейтін, бабаларымыздан мирас болып қалған ата заңы, бұлжымас салт-дәстүрі – ұлттық тәрбиенің негізгі арқауы.

Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн, А.Иассауи, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ә.Бекейханов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ш.Ұэлиханов тәрізді ғұламалар мен қоғам қайраткерлерінің тарихи-әдеби мұраларын, педагогикалық ой-пікірлерін, идеялары мен тұжырымдарын зерделеп жас ұрпақтың санасына сіңіріп отыру керек. Олардың рухани мол мұраларын игеріп қана қоймай заман талабына сай дамытып, зерделеп зерттеп ұлттық құндылық ретінде көрсете білуіміз қажет.

Ұлттық мәдени мұралар ертеден келе жатқан халықтың тарихын, өткенін білдіретін бірден-бір белгі. Қоңе ескерткіштер, құлпытастар, қалалар, жазулар сол халықтың өткен өмірін, тіршілігін, мәдениеті мен ғылымын танытады. Әрбір азамат өз елінің өткеніне мақтана алатын, елінің бүгіні мен болашағына сенімді болуы керек.

Егемен елдің негізгі мақсаты мен міндеті – ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені, елдің ертеңі же місті тәрбие алған ұрпақпен тығыз байланысты. Көп уақыт бойы қазақтың ұлттық тәрбиесін, халық даналығын тәрбие көзі ретінде пайдалануға, оны ұрпақ бойына дарытуға мүмкіндік болмағаны ақиқат. Сондықтан да біз аңы болса да мойындағының шындық – ұлттық тәрбие беруде көп кешіккендігіміз, бірнеше буынның ол тәрбиені ала алмауы. Кешіккен жолаушы уақытын үнемді пайдаланып, асығады емес пе. Білім саласында да осындағы жағдай туып отыр. Қателікті уақыт көтермейді, кейінгі ұрпақ кешірмейді.

Абай аңсаған “толық адам”, “ыстық қайрат”, “жылы жүрек”, “нұрлы ақыл” иесі болашын. Ол жан-жақты кемел тәрбиелі адам ғана “толық адам” санатына қосылады деп есептейді. Ал, өз ұлтының тілінен, тарихының салт-дәстүрінен бейхабар, яғни ұлттық тәрбие алмаған адам қалайша “толық адам” болмақ. Ұлтын сүйетін, оның бар жақсылығын қабылдап, соның болашағы үшін қызмет ететін адам, өз елінің “кетігін” бітейтін “кірпіш” бола алатын жан ғана Абай айтқан “толық адам” санатына қосылады. Осындағы ұрпақтар бар елдің ғана болашағы жарқын, ертеңінен үміті көп деуге болады.

Қазіргі жағдайда ұлттық ғаламдастыруға жұтылудан сактайтын бірден-бір жол – ұлттық рухты дамыту, ұлттық намысты ояту, ұлттық құндылықтарды сақтау.

«Сөзі жоғалған жүрттың өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мемлекеттік тіл – егемендігімізді нығайтудың, халқымыздың ұлттық сипатын сақтап қалудың кепілі. «Біз бұрын ұлтшылдықпен күрескенбіз, енді ұлтсыздықпен күресер жағдайға жеттік» деген екен Ғ.Мұстафин. Белгілі ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов та қазіргі жаһандану заманында ұлтсызданудың басты белгілерінің бірі ретінде тіл мен ділдің, ұлттық рухтың, рухани байлықтың қоғамнан лайықты орнын ала алмауын көрсетеді:

«Тіл кетсе ұлттың жойылатынын білсек те,  
Мазмұнымызға нұкте қойылатынын білсек те,

Қамсыздар, қансыздар қатарына қосылудамыз.

Рух мұддесінде тоқырап, тоқтап,

Шыншылды даттап, ұрыны мақтап,

Қарын мұддесі үшін ғана асырудамыз,

Қоғамның наукасын қоғамнан жасырудамыз», – дейді ақын бұл мәселе туралы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тұжырымдамасында.

«Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасат, ар-ожданы мол, еңбеккор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» делінген.

«Ұлттық сана-сезім ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлттық дүниетаным дұрыс таным түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады»[2] деген түсініктен қорытынды шығарар болсақ ұлттық сана-сезімді ояту үшін тәрбие арқылы халықтық дәстүрлерді, әдебиет пен мәдениет мұраларын, дініміз бен ділімізді жас ұрпаққа дұрыс түсіндіру, үйрету, бойларына сініру дәл қазіргі ұлттың ұлт болып қалуы шешілетін жауапты кезеңдегі басты мәселе. Ақын, педагог М.Жұмабаев «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыйналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген.[3] Сондықтан да педагогикалық оку орындарында даярланып жатқан жастарымыздың ұлттық тәрбиені ең алдымен өздері жетеп түсініп, біліктілікпен меншеруі өте қажет.

«... Ұлтжандылық – халықтың рухани және материалдық игіліктерін көбейтуге арналған жігері, қайраты. Ұлтжанды деп еңбеккор іскер, талапты, ойшыл, ізденгіш ұлттық мұраттағы жолындағы аbzal істің иесін айтамыз. Ұлы ұлттар өздерінің осындағы ұлтжандылығымен мықты» [4] дегендегі тәрбиенің түп тамыры да, қайнар көзі де – ұлттық мұдде. Ұлт болып сақталып қалудың негізгі жолы білім жүйесіндегі қазаққа тән болмыс-бітімді, өз халқының ұлттық құндылықтарынан нәр алған, ұлттық саналы азamat тәрбиелеу. Отken ғасырдың басындағы қазақ зиялыштарының мұны халықты ояту болса, бұл ғасырда әркениет көшіне қосылу мақсаты біз үшін маңызды болып отыр, ал сол әркениет көшіне ұлттық қасиеттерге елін жерін сүйетін, ана тілін, әдеби мұрасын қастерлейтін, білімді жастарды қосу одан да зор, жүгі ауыр міндет деп ойлаймын. Осы ауыр міндетті атқару үшін ұлттық қасиеттерді бойына сінірген, ана тілінің абыройын арттыратын, халқының асыл мұрасы – әдебиетін қастерлейтін, көзінің қарашығындағы сақтап кейінгі ұрпаққа жеткізе біletіn, білімді де білікті, ақылды да алғыр, бәсекеге қабілетті мамандарды тәрбиелуге баса назар аударуымыз керек. Бұл күрделі мәселені шешуде біздің негізгі көмекшіміз – халықтың асыл мұрасы: салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, ұлттық тәлім-тәрбиесі, бай әдебиеті мен мәдениеті болмак.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жаңашылдық, тың ізденістер қолданысқа барынша қарқынды енгізіліп жатқанда әдебиет сабағын да мазмұнды, қызықты, әсерлі етіп өткізу – мұғалімдердің басты міндеті екені анық.

Оқушының да студенттің де әдебиетке деген ынтастын бүрынғы ескі соқпақпен, бір ізді, бір сарынды сабактармен ояту, құлшынысын қалыптастыру мүмкін емес нәрсе. Сондықтан да әдебиет пәнін оқытатын ұстаздардың тынымсыз еңбегі мен шеберлігі, шығармашылық қиялды ғана әдеби мұрамыздың керексіз болып қалмауына, әдебиетті сүйіп, одан эстетикалық әсер ала біletіn, тәрбиелі, жаңы сұлу, көркем өнердің құдіретін түсініп, бағалай алатын ұлтжанды ұрпақтың өсіп-өнуіне негізгі қозғаушы күш болатыны сөзсіз.

#### Әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.
2. Салғараулы. Қ Ертегі бар ел боламыз десек. – Астана 2000.
3. Жұмабаев. М. Таңдамалы. – Алматы, 1992.
4. Айтала.А. Ұлттану. – Алматы, 2000.

#### Summary

The article is devoted to the work with students for the purposes of patriotic, moral and ethic upbringing in literature lesson.